

**Астрахан ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 17 шілдедегі № 149 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 30 шілдеде № 6743 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 83 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 10.04.2019 № 83 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Астрахан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Астрахан ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Астрахан ауданы  
әкімінің міндетін  
атқарушы*

*Ж.Шахпұтова*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*"Қазақстан Республикасының Ішкі істер  
министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер  
департаменті Астрахан ауданының ішкі  
істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
бастығы*

*А.Уразалин*

17.07.2018

Астрахан ауданы әкімдігінің  
2018 жылғы 17 шілдедегі

## **Астрахан ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері**

### **1-тарау. Көтермелеудің түрлері**

1. Астрахан ауданы әкімінің алғыс хаты.
2. Ақшалай сыйақы.

### **2-тарау. Көтермелеудің тәртібі**

3. Осы тәртіп Астрахан ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеуді ұйымдастырудың мәселелерін реттейді.

4. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Астрахан ауданы әкімдігінің қаулысымен құрылған комиссия (бұдан әрі – комиссия) қарайды.

5. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті Астрахан ауданының ішкі істер бөлімі" (бұдан әрі – ІІБ) мемлекеттік мекемесімен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсыныс комиссияның қарауына енгізіледі.

6. Комиссиямен қабылданған хаттамалық шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

7. Ақшалай сыйақыны төлеуді ІІБ облыстық бюджет есебінен жүргізіледі.

8. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін ІІБ бастығының комиссия қабылдаған шешіміне сәйкес қосымша бұйрығы шығарылады.

9. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға ақшалай сыйақыны беру, Астрахан ауданы әкімінің алғыс хатын табыстау ІІБ салтанатты жиынында жүзеге асырылады.

### **3-тарау. Ақшалай сыйақының мөлшері**

10. Ақшалай сыйақы мөлшерін қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін, сонымен қатар онымен немесе оның қатысуымен құқыққа қарсы әрекет нәтижесінде келтірілуі мүмкін залалдың алдын алған көлемін есепке ала отырып, ақшалай сыйақының мөлшері комиссиямен белгіленеді және 20 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК